

Ж.О. Артықбаев¹ , Т.С. Каленова¹ , Ж.З. Төлеубаев^{1*} 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: socantropology@mail.ru; kalenovats@mail.ru; janiko86@mail.ru)

Қазақстандағы ұлттық бірегейлікті тарихи-этнографиялық құндылықтар негізінде нығайту мәселелері

Мақалада жаһандану дәуіріндегі ұлттық бірегейліктің өзектілігі, оның Қазақстан үшін маңыздылығы қарастырылады. Авторлар ұлт пен этнос ұғымдарының айырмашылықтарын, қазақ халқының ұлттық бірегейлігінің тарихи даму жолдарын талдайды. Қазақстанның көпэтносты құрылымы мен ұлт құру процесінің күрделілігіне тоқталады. Және ұлттық бірегейлікті зерттеудегі теорияларға шолу жасалынған. Мақала ұлттық бірегейліктің адамдардың ортақ сенімдері, символдары және тіршілік ережелері арқылы қалыптасатын динамикалық процесс екенін көрсетеді. Этнос пен ұлт арасындағы айырмашылықтар талданған, яғни этнос — тарихи, мәдени және биологиялық негіздегі қауымдастық, ал ұлт — саяси орталықтанған, азаматтық бірегейлікке негізделген құрылым. Қазақ ұлты этнос ретінде қалыптасып, мемлекет құрушы ұлтқа айналғандығы және Қазақстан көпэтносты ел болғандықтан, ұлт құру процесі күрделі әрі тарихи-әлеуметтік алғышарттарға сүйеніп, ұлт этникалық тегіне емес, азаматтық бірегейлікке негізделуі тиіс деген қорытынды жасалады. Сондай-ақ мақалада ұлттық бірегейлікті зерттеуде этнографиялық, конструктивистік және этно-символизм әдістері қолданылады. Бұл зерттеу ұлттық бірегейлікті нығайтудағы мемлекеттік саясаттың рөлін, оның ішінде тілдік саясат, мәдениетті қолдау және білім беру жүйесінің маңыздылығын ашып көрсетеді. Авторлар ұлттық бірегейліктің тек тарихи және мәдени факторлармен ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық жағдайлармен де тығыз байланысты екенін атап өтеді. Жаһанданудың ықпалымен туындайтын жаһандық мәдениет пен жергілікті дәстүрлер арасындағы тепе-теңдікті сақтаудың маңыздылығына ерекше назар аударылады. Мақалада ұлттық бірегейліктің қалыптасуындағы бұқаралық ақпарат құралдарының, әлеуметтік желілердің және жастардың рөлі де қарастырылады. Ұлттық бірегейліктің тұрақты дамуы үшін азаматтық қоғамның белсенділігі мен әртүрлі этностар арасындағы өзара сыйластық пен түсіністіктің қажеттілігі баса айтылады. Мақала ұлттық бірегейлік пен ұлт құру мәселелеріне кешенді ғылыми талдау жасау арқылы, Қазақстанның болашақ дамуына бағытталған маңызды қорытындылар мен ұсыныстар жасалынады.

Кілт сөздер: ұлттық бірегейлік, жаһандану, ұлт, этнос, рухани жаңғыру, мемлекеттік саясат, мәдениет, тіл, азаматтық қоғам, этнография.

Kipicne

Әлемдегі үлкенді-кішілі елдердің бәрі үшін маңызды мәселелердің бірі ұлттық бірегейлік (*national identity*). Бүгінгі жаһандану кезеңінде әлемнің кез келген мемлекеті үшін бірегейлік өте өзекті. Адамзат тіршілігін бүгінгі күні ұлттық, этникалық шекараны мойындамайтын трансұлттық экономикалық кеңістік деп айтуға болады. Жаһандану процесі ерекше (*uniqueness*) мәдени құндылықтарға негізделген ұлттық, этникалық ерекшеліктерге үлкен соққы. Әлем бойынша технологиялық революция жүріп жатыр және оның салдары ауыр. Әрине, әлемдік трансұлттық компаниялар этникалық құндылықтарды жоюды арнайы мақсат тұтпайды, бірақ өмір ағымы объективті түрде ұлттық бірегейлікті әлсіретпей қоймайды.

Осы жағдайда өзге де елдер сияқты Қазақстан Республикасы ұлттық және мемлекеттік бірегейлігін қалыптастыру және дамыту мәселесіне мемлекеттік деңгейде мән береді. Бұл мәселе мемлекеттік билік тарапынан да, қоғам жағынан да қашанда қолдауды талап етеді. Ұлттық бірегейлік пен мемлекет тұрақтылығы бір-бірімен тығыз байланысты. Әрине, адамзат тарихынан ұлттық бірегейлігі жоқ, бірақ мықты мемлекеттік құрылымды кездестіруге болады. Бұл әдетте тоталитарлы идеологияға бағынған немесе авторитарлық билікті мойындаған қоғамдарға тән, бірақ бұл жағдайда мемлекеттің мықтылығы уақытша құбылыс. Сонымен бірге мемлекеті жоқ, бірақ бірегейлігі жоғары этникалық қауымдарды кездестіруге болады. Тарих бұл жағдайдың да уақытша екендігін, этникалық және мәдени бірегейліктің түбі саяси бірегейленуге, яғни мемлекет құруға алып келетінін көрсетеді.

Қазақстан өз мемлекеттік тәуелсіздігіне 35 жыл бұрын қол жеткізді. Тарихи тұрғыдан алғанда, бұл үдеріс Кеңес Одағы сияқты ірі саяси-экономикалық жүйенің ыдырауымен тікелей байланысты.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: binazarova76@mail.ru

Осы контексте посткеңестік кеңістіктегі мемлекеттердің тәуелсіздік алуы жүйелік трансформацияның нәтижесі ретінде қарастырылады. Сонымен қатар тәуелсіздікті тек формалды-саяси құбылыс ретінде емес, кешенді әлеуметтік-экономикалық және мәдени процесс ретінде бағалау қажет. Бұл тұрғыда тәуелсіздіктің мазмұны экономикалық дербестік, әлеуметтік тұрақтылық және мәдени тұтастық деңгейімен айқындалады. Аталған аспектілер толық институционалданды деп айту әлі ерте, сондықтан тәуелсіздік белгілі бір дәрежеде динамикалық және қалыптасу үстіндегі құбылыс ретінде сипатталады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы жағдайында ұлттық бірегейлікті нығайту стратегиялық маңызға ие. Ұлттық бірегейлік әлеуметтік интеграцияның және мемлекеттік тұрақтылықтың негізгі факторы ретінде қарастырылады. Оның іргетасы болып табылатын рухани мәдениетті жаңғырту мен қайта құрылымдау үдерістері қоғамдық сананы трансформациялаумен тығыз байланысты. Бұл бағытта халық шығармашылығын, мәдени мұраны және дәстүрлі құндылықтарды қазіргі заман талаптарына бейімдей отырып, қоғамдық дамудың ресурсы ретінде пайдалану өзекті. Осылайша, рухани-мәдени жаңғыру ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың және нығайтудың маңызды тетігі ретінде ғылыми тұрғыда негізделеді.

Материалдар және әдістер

Жұмыстың дереккөздік негізін ұлттық бірегейлік, ұлт және этнос мәселелеріне арналған отандық және шетелдік ғылыми еңбектер, сондай-ақ қазақ халқының тарихи жады мен этнографиялық мұрасына қатысты материалдар құрайды. Зерттеу материалы ретінде қазақтың ауызша тарихи дәстүрі, мифологиялық және эпикалық сюжеттері, этномәдени символдары, сондай-ақ өмірлік циклге қатысты әдет-ғұрыптар мен той мәдениеті қарастырылды. Атап айтқанда, тұсау кесер, қыз ұзату, беташар сияқты рәсімдер қазіргі қоғамдағы ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың әлеуметтік-мәдени тетіктері ретінде талданды. Сонымен бірге киіз үй, домбыра, қобыз, сәукеле, алаша сияқты материалдық мәдениет элементтері этномәдени символдар жүйесі ретінде зерттеуге енгізілді.

Зерттеу әдіснамасы ұлттық бірегейлік феноменін кешенді қарастыруға мүмкіндік беретін пәнаралық ұстанымға негізделеді. Жұмыста тарихи-этнографиялық материалдарды талдау мен интерпретациялауға бағытталған бірнеше өзара байланысты әдістер қолданылды. Ең алдымен, ұлттық бірегейліктің тарихи негіздерін айқындау мақсатында салыстырмалы-тарихи әдіс пайдаланылды. Бұл әдіс қазақ халқының этногенезі, мемлекеттілік тарихы және этносаяси үдерістерді басқа тарихи кеңістіктермен салыстыра отырып, ұлт пен этнос ұғымдарының эволюциясын түсіндіруге мүмкіндік береді.

Этномәдени құндылықтар мен дәстүрлі институттардың қазіргі қоғамдағы қызметін талдауда этнографиялық сипаттау және интерпретациялау әдістері қолданылды. Осы тәсіл арқылы қазақтың той мәдениеті, өмірлік циклге қатысты әдет-ғұрыптар, халық шығармашылығы және этномәдени символдар ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың әлеуметтік-мәдени механизмдері ретінде қарастырылды.

Ұлт пен этнос арақатынасын теориялық тұрғыдан түсіндіруде конструктивистік әдіс негізге алынды. Бұл тәсіл ұлтты тарихи қалыптасқан өзгермейтін құбылыс емес, әлеуметтік және мәдени тәжірибелер нәтижесінде қалыптасатын құрылым ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар дәстүрлі құндылықтардың сабақтастығын көрсету мақсатында примордиалистік көзқарас элементтері ескерілді.

Зерттеу барысында ұғымдық аппаратты нақтылау үшін ұғымдық-теориялық талдау әдісі пайдаланылды. Аталған әдіс «ұлт» және «этнос» категорияларының мазмұндық айырмашылықтарын айқындауға және олардың ғылыми дискурста қолданылу ерекшеліктерін жүйелеуге мүмкіндік берді.

Нәтижелері

Ұлттық бірегейлік мәселесін зерттеу үшін этнос пен ұлт арасындағы айырмашылық пен ортақ белгілерді алдын ала анықтап алған жөн. Қазақ халқы бір жағынан этнос, яғни ғасырлар бойы қалыптасқан, түп негізі мыңжылдық этникалық үрдістердің негізінде пайда болған, туыстық жүйе арқылы бір-біріне байланған әлеуметтік-биологиялық құбылыс. Екінші жағынан қазіргі күні қазақ ұлты Қазақстан Республикасы атты мемлекеттің негізін қалаған, тарихи санасында мыңдаған жылдардағы мемлекеттік жады бар, мемлекет халқына ұйытқы болып отырғаны өзекті.

Әрине, қазақ халқының жүздеген жылдар бойы, алдымен Ресей империясының, одан кейін КСРО құрамында болуы біздің өзіндік ұлттық санамызға кері әсер еткені мәлім. Қазақ халқының

ұлттық бірегейлігінің әлсіздігі отаршылдық кезеңдегі дәстүрлі саяси, әлеуметтік, мәдени құндылықтардың құлдырауымен, бастан өткерген ауыр демографиялық апаттардың салдарымен анықталады. Екінші жағынан Қазақстан Республикасы — тек қана қазақ этносы ғана емес, сонымен бірге өзге де ондаған этникалық топтардың отаны. Ресей империясы кезінде және одан кейінгі жетпіс жылға созылған кеңестік «қарабайыр социалистік» эксперименттер заманында қазақ жеріне ондаған-жүздеген этнос өкілдері қоныстанды. Әр этностың өзіндік мәдени ерекшеліктері болуы заңды, бұл мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан табиғи құбылыс. Бүгінгі күні Қазақстанға көшірілген этникалық топтардың кеңестік кезеңнен қалған жарақаттары немесе «кеңестік құндылықтарына» бой үйретіп қалғандары бар. Осы себептерден Қазақстанда тәуелсіздік идеясына сәйкес жанарған ұлт құру процесі оңайлықпен жүретін үрдіс емес. Бұл саясат белгілі дәрежеде біздің елімізде қалыптасқан тарихи, әлеуметтік, мәдени, демографиялық алғышарттарға сүйенеді. Әрине, үкімет және қазақ қоғамы Қазақстанды мекендеген этникалық топтардың біржолата ассимиляцияға түсіп, өзіндік тарихи-мәдени құндылықтарын жоғалтқанын қаламайды. Ұлт этникалық тегіне қарап емес, азаматтық бірегейлігіне қарап құралатын қауым. Егер біз қазақ ұлтын мемлекет құрушы негізгі өзек ретінде қарастырсақ, ҚР-да өмір сүретін елдің бәрі де қазақ ұлтының негізгі құндылықтарын қабылдауы тиіс. Бұл алдымен мемлекеттік тілге және өмірлік циклға жататын этнографиялық институттарға қатысты. Иә, олар этникалық жағынан орыс, украин, өзбек т.б. болуы мүмкін, бірақ азамат ретінде міндетті түрде қазақ ұлтының өкілі.

Батыстық және отандық гуманитариядағы ұлт аграрлық мәдениеттен индустриалды мәдениетке өту нәтижесінде қалыптасады деген квазитұжырым үстем. Бұл әлеуметтік ғылымдардың еуразиялық кеңістіктің ортаңғы бөлігін, яғни хартлендты (*heartland*) алып жатқан біздің тарихымызға және этнографиямызға қатысты материалдарды игермеуіне байланысты пайда болған қате пікір. Дегенмен саяси антропологияның негізін салған Э. Эванс Причард еңбектерінде, XX ғасыр басындағы саяси дербес африкандық тайпалар да ұлт аталатынын ескеру керек: *«The Nuer political system includes all the peoples with whom they come into contact. By «people» we mean all persons who speak the same language and have, in other respects, the same culture, and consider themselves to be distinct from like aggregates. The Nuer, the Shilluk, and the Anuak each occupy a continuous territory, but a people may be distributed in widely separate areas, e.g. the Dinka. When a people is, like the Shilluk, politically centralized, we may speak of a «nation»* [1; 5] Жоғарыда келтірілген мәтіннен «ұлт» ұғымының басты қолданылу шарты этникалық топтың саяси орталықтануы екенін аңғарамыз. Мәселе «ұлт» деген ұғымның мемлекетпен тікелей байланыстылығында, ұлт — азаматтық сәйкестік негізінде құралған мемлекет халқы. Ұлт тек бір ғана этностан құралады, – деген пікір ұлт мәселесіндегі түсінбеушіліктің негізгі көзі.

«Ұлт» пен «этностың» арасын айыра алмау біздің қоғамдық ғылымдардың үлкен мәселесі. Біз кеңестік анықтамаларды мұраға алып қалдық және соған сүйеніп, әлі де «ғылым жасап» келе жатқан елміз. Мәселен, И. Сталин «Марксизм и национальный вопрос» еңбегінде *«Нация есть исторически сложившаяся устойчивая общность людей, возникшая на базе общности языка, территории, экономической жизни и психологического склада, проявляющаяся в общности культуры»* [2; 12] дейді. Шын мәнінде бұл ұлттың емес, этностың анықтамасы, яғни мәдениеттен көрініс табатын тіл бірлігі, ортақ қонысы, шаруашылығы, мінез-құлқы — этносты өзгелерден оқшаулайтын белгілер.

Ұлт — этностан әлденеше есе күрделі құрылым. Қазақ хандығы шеңберінде қазақ ұлтының қалыптасуы бірнеше ғасырға созылған этносаяси және әлеуметтік үрдістердің жемісі. Бірнеше жүздеген жылдар бойы Қазақ хандығы туының астына жиналған ондаған-жүздеген этникалық және әлеуметтік топтар мемлекеттілік қазанында қайнады. Алтын Орда мен Шағатай ұлысы құрамында болған, ұлы босуды бастан өткеріп барып қазақ құрамына кірген көптеген ру-тайпалардың жадында өз мемлекеттік тарихы бар еді. Осының бәрін қорытып, рулардың күрделі конгломератынан бір ұлт жасап шығару оңай болған жоқ. Қазір біздің алдымызда тағы да ауыр мәселе тұр. Ол — Қазақстанды ежелден мекендеген және ерікті-еріксіз осы өлкеге келіп қалған ондаған-жүздеген этникалық-әлеуметтік топтардан *nation-state* құру.

Талқылау

Ұлт құру және бірегейлік: зерттеулер. Қазақстанда ұлттық бірегейлік мәселелеріне байланысты жазылған арнайы монографиялық еңбектер көп емес. Осы себепті ұлттық бірегейлік мәселелерін зерттеу және оны қалыптастырудағы әртүрлі көзқарастарды сараптау үшін біз әлемдік ғылым жетістіктерін пайдаланамыз. Қазақстан қоғамындағы ұлттық бірегейлік реперлік нүктелерін

айқындау, ұлттық бірегейлікті дамытудағы тілдің, тарихтың және этномәдени символдардың, афсаналық және тарихи тұлғалардың, этнографиялық институттардың қызметін анықтау үшін өте маңызды.

Көптеген тарихи-этнографиялық зерттеулер сияқты мәселенің этнология мен әлеуметтануға т.б. ғылым бағыттарына байланысты болуы себепті біз де бұл мақалада бірнеше таным жолдары мен әдістемеге сүйенеміз. Әдетте, этнографиялық зерттеулер примордиалистік көзқарасты ұстанады, яғни дәстүрлі құндылықтардың басымдығы, кез келген құбылыстың негізінде тарихи негіз тұрады деген ұстаным. Екіншіден, мәселе ұлт құруға байланысты болғандықтан конструктивистік әдіс-тәсіл міндетті түрде қолданыста болуы керек. Қоғамдық санадағы ұлт пен этнос арақатынасын анықтау үшін этносимволизмді ескеріп отыру қажет.

Жалпы бұл жоба аясында біздің алдымен жасағанымыз этнографиялық зерттеу бағдарламасы мен сұрақнама және соны пайдалана отырып, әлеуметтік сауалнама жүргізу. Болашақта осы жұмыстар барысында жиналған мәліметтерді салыстырмалы-тарихи тұрғыда контент-талдау жоспарлануда.

Бізде «ұлт» ұғымының ғылыми орта қабылдаған анықтамасы жоқ. Сол себепті ағылшын әлеуметтік антропологи Э. Геллнердің ұлт туралы анықтамасына көңіл аударған дұрыс. «*Nations maketh man; nations are the artefacts of mens convictions and loyalties and solidarities*» [3], яғни ғалым «Ұлтты адам жасайды, яғни ұлт — адамның сенім-нанымдарының, құмарлығы мен ынтызарлығының, бейімділігі мен дағдыларының жемісі», — дейді. Бұл анықтамада «ұлт бір тілде сөйлеуі керек, ортақ экономикасы немесе ортақ мәдениеті болуы керек» деген жалпылама сөздер жоқ. Бір территорияда өмір сүретін, бір тілде сөйлейтін адамдар тобы егер олардың арасында ортақ құқық және міндеттер, бірін-бірі бір ұлт өкілі ретінде мойындау болмаса, ұлт болып ұйыса алмайды. Мәселе сенім-наным ортақтығында, оның ең бастысы — өзара сенімділік. Мәселе, ортақ қызығушылықта дейді, яғни мемлекет халқының басым көпшілігінің этикалық-эстетикалық құндылықтары бір болуы керек.

Э. Геллнер бойынша ұлт мәдениеті «*two men of the same nation if and only if they share the same culture, where culture in turn means a system of ideas and signs and associations and ways of behaving and communicating*» [3; 7]. Э. Геллнер ұлт идеялардың, шартты белгілердің, өзара байланыстардың, мінез-құлық пен әдептің және өзара араласу ережелерінің біртұтас жүйесі деген анықтама береді. Егер жоғарыдағы анықтаманы тікелей түсіндіретін болсақ, ұлт болу үшін адамдарға ортақ шығу тегі міндетті емес, бастысы — сол қауымға ортақ символдарды және тіршілік ережелерін қабылдауы. Міне, осы жүйе қалыптасқан уақытта ұлт пайда болады.

Сонымен Э. Геллнер тұжырымдамасы бойынша ұлттық бірегейлік адамның тумысынан өзгерместен қатып қалатын қасиет емес. Қарапайым тілмен айтсақ ұлтты адамдар жасайды, ұлт — адамдардың мінез-құлық, әдеп пен өзара араласу ережелерінің жиынтығына бағынады. Қашан адамдар тобы ортақ сенімдерге келеді, қашан олардың ортақ символдары пайда болады, солай ұлт қалыптасады. Бұл жерде адамдар тобының ортақ құқықтық көзқарастары, ортақ мәдениеті, тіл-табысу құралдарының ортақтығы маңызды.

Ұлттық бірегейлік тақырыбында әлемдік ғылымда толып жатқан зерттеулер бар. Олардың бәрі бірдей этнографиялық-антропологиялық алаңда жұмыс жасамайды, көбінесе біз көтеріп отырған мәселелерге философиялық, психологиялық, экономикалық тұрғыда келеді. Дегенмен де тақырыпқа терең бойлау қажет болғанда Б. Андерсон [4], Э. Смит [5], Э. Хобсбаум [6], А. Коэн [7], С. Хантингтон [8], Р. Брубейкер [9], М. Биллиг [10], С. Мок [11] еңбектерін сарапқа салған дұрыс болар еді. Сондай-ақ отандық зерттеулер қатарында — М.С. Шайкемелевтің «Қоғамды жаңғырту контексіндегі қазақстандық бірегейлік» [12] монографиясы мен осы тақырыптағы зерттеулерінде қазіргі Қазақстанның әлеуметтік-саяси дамуындағы этноұлттық және азаматтық бірегейліктің өзара байланысы талданады. Еңбекте тарих пен қазіргі заманғы жаңғыру жағдайында қазақ халқының өзіндік санасы қалай қалыптасқаны туралы терең әлеуметтік-философиялық талдау ұсынылған. Қолданбалы этносаяси зерттеулер институтының авторлар ұжымы дайындаған «Қазақстанның ұлттық бірлігі: тарих, қазіргі заман және жаңа үрдістер» [13] монографиясы жалпыазаматтық бірегейлікті қалыптастыру, этностарды интеграциялау және этносаралық қатынастар тарихы жөніндегі мемлекеттік саясаттың теориялық және практикалық аспектілерін ашады. Р.Қ. Қадыржановтың «Қазақстанның этномәдени символизмі және ұлттық бірегейлігі» [14] атты монографиясында автор Қазақстандағы ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мәселелерін этномәдени символизм және конструктивизм тұрғысынан зерттейді.

Біз осы ғалымдардың ішінен біреуін таңдап, ұлт құру және бірегейлікке көзқарасын талдап көреміз, барлық ғалымдарды бір мақала көлемінде сарапқа салу мүмкін емес. Осы тұрғыдан бізге Бенедикт Андерсонның «Imagined Communities» (Reflections on the Origin and Spread of Nationalism) [4] еңбегі аса маңызды. Кітап атауын орысша «Воображаемое сообщество» деп аударған, түпнұсқаға келе қоймайды. Бұл жерде тақырып «қауымдастықты елестету» емес, ұлт құруға қатысты, яғни әңгіме инженерия (building) туралы.

Б. Андерсонның пікірінше, жаһандану (оны ол «transnationalism» деп атады) және флюидті бірегейлік (адам санасында жыныстық ерекшеліктердің және соған байланысты дәстүрлердің жоғалуы, не еркек емес, не қатын емес) заманында тек ұлтшылдық қазіргі уақытта мемлекетке өмір мағынасын сақтауға мүмкіндік беретін, мобилизациялық қуаты күшті бағдарлама ғана емес, сонымен бірге ынтымақты өмір сүруге қажетті моральдық күш. Ол ұлтшылдықты құбыжық қылып суреттейтін космополит интеллектуалдарды сынайды, оның ойынша ұлтшылдық ұлт құндылықтарына, яғни махаббатқа жетелейді. Ең бастысы бұл махаббаттың мың түрлі мәдени жемісі — поэзия, проза, музыка, пластикалық өнер түрлері маңызды. Осы жерде біз Э. Геллнер мен Б. Андерсон көзқарастарының бір-біріне жақындағанын көреміз. Әрине, олардың ұлтшылдыққа қатысты негізгі тезистері қарама-қарсы, бірақ ұлтты анықтайтын белгілерге қатысты көзқарастары бір-біріне келеді.

Ұлт мәселесінде Б. Андерсон конструктивист екенін, оның ұлтшылдық адамдар арасындағы қалыптасқан түпкілікті көзқарастардан емес, керісінше құрылымнан туындайды деген пікірі көрсетеді. Бұл құрылым қауымдастық өкілдері өзін соның құрамында сезінген себепті қалыптасады. Бұл жерде тіпті қоғам, мемлекет деген ұғымдар жоқ, мәселе ішкі бірлігі бар қауымдастықта. Қауымдастық қоғамнан, «ұлт-мемлекеттен» бөлек, ол ұғымдардың шекарасы бар, ал қауымдастық ондай шартты шекаралармен шектелмейді. Осы қауымдастық ұстанған ұлтшылдық қазіргі рационализм жеңген қоғамда ұлт-мемлекетке құндылықтар тұрғысында мотивация береді.

Б. Андерсон ұлтшылдық пен ұлтты әмбебап мәдени жүйелердегі (дін, тіл, империя) түсініктерді әлемнің жаңаша қабылдауымен түсінеді. Ұлт қазіргі қоғамдарға тән уақыт, кеңістік және адамдар арасындағы ынтымақтастықтың бір нүктеде байланысқан сипаты. Бұл күрделі құбылыс көзге бадырайып көріне қоймайды, осы себептен оны елестету керек. Б. Андерсон өз кітабын «Imagined Communities» атау себебі де осы болуға тиіс. Біз үшін маңыздысы Бенедикт Андерсонның бұл ұғымды XX ғасырда отаршылдыққа қарсы бағытталған ұлтшылдықты зерттеу барысында қолданғаны, яғни жаңа ғана отарлық жүйеден шыққан Қазақстан Республикасында бұл кітапта баяндалған үрдістер жүріп жатыр.

КСРО қирандыларының орнында жаңадан пайда болған ұлттық мемлекеттерде ұлттық және мемлекеттік құрылыс жүріп жатыр. Бұл құрылымдар белгілі дәрежеде ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға өте маңыз беруі заңды. Посткеңестік елдерде ұлттық мемлекеттің қалыптасуы тіл, тарих мәселелерімен тығыз байланысты. Бұл жағдайда азаматтық бірегейлік және ұлттық идея тіл және тарих сияқты іргелі ұғымдардың туындысы. Қазіргі этнографиялық-антропологиялық ғылыми зерттеулерге қарағанда этнос та, олардың негізінде қалыптасатын ұлтта тірі ағза ретінде қашанда эволюциялық өзгерістер үстінде. Осы жағдайда Қазақстан Республикасында ұлт құру барысында этникалық топтардың қазақ халқының маңына топтасып, белгілі бір мәдени құндылықтарды қабылдап, тіршілік барысында ұлттық бірегейліктің жаңа моделін құрастыруы заңды құбылыс.

Ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы маңызды нүктелер: мәдениетті жаңғырту және қайта құру. Жалпы әлемде орын алып отырған жаһандану үрдістерден Қазақстан дербес ел ретінде тыс қала алмайтыны белгілі. Посткеңестік елдерде туындаған үрдістер Қазақстандағы ұлттық мәселелерге жаңаша көзқараспен қарау қажет екенін көрсетті. Ұлт өзінен өзі, табиғи қалыптаспайды, кез келген адамдар тобының ұлт болуына қажетті алғышарттармен бірге инженерия да керек. Мүмкін осы себептерге байланысты болар, ортағасырлық мемлекеттердің көпшілігі билеуші әулеттердің атымен аталады. Мемлекет билеуші әулеттік интеллектуалдық инженериясының нәтижесі.

Біздің жағдайымызда жеткілікті дәрежеде ұлттық бірегейлігі жоқ Қазақстан сияқты жас мемлекеттер ұлт және мемлекетін құру үрдісінде бірнеше реперлі нүктелерге көңіл бөледі және соларды жандандыру арқылы мәдениетті жаңғырту және қайта құруға мүмкіндік алады. Біздің мақсатымыз бірегейлік сүйенетін нүктелерді оқырманға мүмкіндігінше жан-жақты барлық қырынан ашып көрсету.

Тарихи білім. Ұлттық бірегейлік реперлі нүктелерінің ішінде тарихи білім алдыңғы орында тұрады және халық шығармашылығы оның қайнар көзі. Себебі ұлт құру процесінде тарих халықтың басын мемлекеттік идея төңірегінде басын қосатын идеология қызметін атқарады. Тарихи құнды

материалдар қазіргі таңдағы ұлттық бірегейлікті жасаушылар немесе ұлттық зиялы қауымның ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы құралы болып есептеледі. Олар оны тауып, оған символикалық мән беріп және оларды өздерінің мақсатына қолданады. Осы сияқты ұлттық бірегейлікті құрастырушы материалдармен, яғни символдармен, мәдениетпен, құндылықтармен ұлттың өзара тығыз байланысы орнығады. Сол арқылы ұлттық бірегейлікті құрастырушылар ұлттың ортақ құндылықтарын алға тарта және оны насихаттай отырып, ортақ ядроға топтасу мен жұмылдырылу сезімін оятады. «Біз» туралы ұғымды қалыптастыру мен қоғамды біріктіруге бағытталған «бірегейлік саясатын» жүргізеді.

Қазақ тарихы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық бірегейлігін нығыз бекітетін шикізат бере алады. Мысалы, мемлекет құрушы титулды ұлттың екі атауы бар. Оның бірі әуел баста эндоэтноним болған — қазақ сөзі. Қазақ Еуразия халықтарының көпшілігінің тілдерінде — еркін адам деген ұғым береді. Бұл атауды тіпті Ресей империясы да пайдаланғанын орыс-казачествосы мысалынан да көруге болады. Еуразияның орталық бөлігін мекендеген елдерде Қазақ атану қашанда мәртебелі болған. Ұлттық бірегейлікті күшейту үшін рухани тарихи символдардың бірі қазақ сөзі еркін адам, ержүрек, сөзінде тұратын рыцарь мағынасында халық шығармашылығы арқылы кеңінен дәріптелуі маңызды. Бастысы дәл осы мағынада «қазақ» атауын ҚР этникалық топтары қабылдайды.

Қазақ этносының екінші атауы Алаш, бұл да әфсаналық, әмбебап ұғым. Бұл этноним тек қазақтың ғана меншігі емес, ол ежелгі замандағы жылқышылықпен, Ботай мәдениеті аталатын энеолиттік дәуірмен байланысты. Біз бұл атауды үндіеуропа халықтарында «пегас» түріндегі кездестіреміз. Славян халықтарында ол тікелей көне түрік тілінен алынған нұсқасында қолданылады, яғни лошадь — алаша ат. В.В. Радлов бойынша «лошадь» на русском и древнеславянском языках от «алаша» — мерин в тюркском языке. В ряде языков маленькая, низкорослая лошадь и т.д. [15; 136]. «Начало слова лошадь есть «лошя», уменьшительное от турецкого «алаша» — низкий, мелкая порода лошадей, казан, мерин» [16; 43]. «Русское слово лошадь, вероятно, произошло из комбинации «алаша-ат» — /мерин-лошадь/, причем первое «а» татарского оригинала отпало...» [17; 223].

Қазақ этникалық мәдениетінде Алаш атауынан туындайтын толып жатқан ұғымдар (алаша, алашық т.б.) бар. Қазіргі күні жылқышылық мәдениеті туралы айтылады, бірақ халық шығармашылығы арқылы кеңінен насихаттау жетіспейді. Еуропаға тараған қанатты ат (пегас) образы, немесе керегесіз үй (алашық) Қазақстанда неге халық шығармашылығына арқау болмайды?! Алаша тоқу мәдениеті де бізді көне тарихпен байланыстырады және ұлттық бірегейлікке жақсы әсер етеді.

Қазақ тарихының көне қабаттары тарихи мифтерге барып негізделетіні белгілі. Бұл жоғарыда айтылған Алаша хан туралы цикл, Ер Төстік туралы ертегі, Оғыз хан туралы ғажап аңыздар. Бұл әфсаналар Еуразия халықтары жіктелмей тұрғанда пайда болды, сол себепті еуразиялықтарға ортақ. Әфсаналар әуел бастан «құдайлар мен батырлар туралы аңыз» деген мағынада айтылады, ал құдайлар мен батырларға белгілі бір этнос меншік жасай алмайды. Ұлттық бірегейлік үшін еуразиялық тарихта жетекші қызмет атқарған сақ, ғұн, түрік дәуірлерінің маңызы зор. Бұл кезеңдердің бәрі де белгілі. Бұл бағытта да көптеген жұмыстар атқарылып жатыр, бірақ осы дәуірлердің негізгі құндылықтарын халыққа қарапайым және әдемі форматта жеткізуді ойлану керек.

Этномәдени символдар. ҚР ұлттық бірегейлігін қалыптастыруда қазақ халқының этномәдени символдарын зерттеу, оларды қайта жаңғырту, күнделікті қолданысқа енгізуге аса маңызды. Бұл орайда қоғам аз жұмыс жасап жатқан жоқ, дегенмен халық шығармашылығы орталықтарына билік тарапынан назар аудару керек. Қазақ қоғамының этномәдени символдарға деген ықыласын билік экономикалық тұрғыдан қолдап отырса дұрыс. Қазіргі уақытта ҚР көп жерлерінде этномәдени сипаттағы өнімдер шығаратын, мысалы кілем тоқитын, шағын қолөнер орталықтары жұмыс жасайды. Қазақтың дәстүрлі кілемін қайта орнына келтіру оңай емес, бұрынғыдай көшпелі мал шаруашылығы. Осы орайда мемлекет тарапынан шағын шеберханаларды қолдау қазақ ұлттық санасын оятуға және қазақстандықтарға бұл өнімдерді қабылдауға жол ашар еді.

Этномәдени символдар тек қана қазақтың ерекше белгісі ғана емес, сонымен бірге ондаған этникалық топтар мен жүздеген этнос өкілдерінен құралған ҚР халқын біртұтас ұлт ретінде басын қосатын құнды дүниелер. Қазақстан этномәдени символдарының қайнар көзі ретінде қазақ этнографиясының маңызы орасан зор екендігін айта кету қажет. Қазақстанда жүргізіліп отырған ұлттық саясат этнографиялық білімдерге сүйенуі және зерттеу әдістері мен тұжырымдарын кеңінен қолданғаны жақсы болар еді. Қазақстан халқын біріктіре алатын халық шығармашылығы институттары, этникалық символдар мен құндылықтар жүйесі ҚР-ның бір тұтас жүйе ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді.

Бүгінгі күні қазақ халқының кең тараған этномәдени символдары киіз үй, домбыра, қобыз т.б. Шын мәнінде қазақтың дәстүрлі мәдениетінің кез келген заты этномәдени символ қатарына жатады және өзге этнос өкілдеріне оларды ортақ құндылық ретінде ұсынуға болады. Мәселен, жоғарыда аталған алаша немесе түскиіз, кебеже-сандық т.б. Бұл жерде біз материалдық құндылықтар туралы айтып отырмыз, ал рухани этносимволдар олардан бірнеше есе бай. Біз тіл туралы жеке тоқталамыз, ал қазақ халқының ән-жыр өнері, қазақ күйлері, салт-дәстүр фольклоры әлі де этносимвол дәрежесінде дәріптелмей жүр.

Мәселен қазіргі заманның әлем таныған таңдаулы әншісі Димаш Құдайберген өнеріне сүйсінген шет елдіктер, сонау Латын Америкасынан, Еуропадан, Қытайдан қазақ домбырасына арнайы тапсырыс беріп, қазақ әндерін айтып, қазақ тілін үйреніп жатады, яғни қазақ халқының этномәдени символдарына шет елдерде қызығушылық үлкен. Ал осы потенциал ҚР мысалында неге толыққанды жұмыс істемейді? Бұл ҚР тұрғындарының әлі де кеңестік «аға ұлт, кіші ұлт» дәстүрлермен, немесе Ресей идеологиясы ықпалымен өнерді тек орыс тілімен ғана байланыстыруында болуы мүмкін. Рухани құндылықтар ҚР тұрғындарының ортақ қазынасына айналмай ұлттық бірегейлік туралы айту өте қиын, себебі этномәдениеттің негізі саналатын өнер мен ұлттық бірегейлік өзара тығыз байланысты.

Қазақ этномәдени құндылықтары ұзақ уақыт бойында Еуразияның орталық аймағында жинақталған және қалыптасқан дәстүрлерден тұрады. Осыған байланысты біз алдымен этномәдени құндылықтарды концептуалды түрде хартланд (heartland) ұғымымен бекітуіміз керек. Қазақ даласы бұл — Heartland — Еуразияның жүрек аймағы бірнеше мың жыл бойы алып құрлықтың орталық алаңы болды, осы жерге пайда болған құндылықтар ескі әлемге тарады. Осындай түсінік ҚР құрамындағы қазақтар мен өзге этникалық топтарды, билік және бизнес элиталар мен қара халықты байланыстыратын ұлттық бірегейлік платформасы болады.

Тіл. Кез келген мемлекет үшін азаматтық бірегейлік деңгейінің бірнеше көрсеткіші бар. Соның ішіндегі ең бастысы азаматтардың мемлекет тілінде сөйлеуі, екінші мемлекет заңдарын қабылдауы, үшінші дәстүр-салттан хабардар болуы т.б. Өкінішке орай тәуелсіздіктің 30 жылында қазақ тілі мемлекеттік коммуникация құралы ретінде әлі өзінің биік орнына көтерілген жоқ. Бұл тілдің негізгі жоқшысы қазақ халқының отаршылдық, бағыныштылық комплексінен әлі шықпағанын көрсетеді.

Азаматтық бірегейлік өзінен өзі қалыптаспайды, ол үшін мемлекет азаматтары алдымен ұлт есебінде өзін сезінуі керек. Осы жерде біз азаматтық және ұлттық бірегейлікті қалыптастыру тіл саясатына тікелей байланысты екенін көреміз. Әрбір жас мемлекеттің алдында толып жатқан мәселелер бар, ол экономика, әлеуметтік өмірді үйлестіру, мәдениет т.б. Бірақ осы контексте тіл ерекше тұрады, себебі тіл экономиканы жасайтын, қоғамдық мәселелерді талқылайтын, мәдениетті дамытатын коммуникация құралы. Посткеңестік елдер бұл мәселені өз этникалық құрамына, постметрополияның позициясына қарай әртүрлі деңгейде шешті. Белгілі дәрежеде метрополия советтік коммуникация, маргинализация мен ассимиляция құралы болған орыс тілін қорғайды және жаңа республикалардың өзінің ұлттық тілін орнықтыру саясатын ұлтшылдық ретінде қабылдайды. Бұл туралы ұлттық бірегейлік туралы ілімнің негізін қалаушылардың бірі Энтони Смит: «ұлтшылдық тарихы — кім ол тақырыпта баяндама жасаса, соның тарихы», – деп жазады [5; 95].

Тіл бірегейлігін қалыптастырудың ең нәтижелі жолы — халық шығармашылығын кеңінен насихаттау. Әрине, оқулықтар, мультфильмдер, балалар кітапшалары да тілді насихаттауда үлкен қызмет атқарады, бірақ тіл алдымен коммуникация құралы және оны үйренуге қажеттілік және мүмкіндік тілді пайдаланушылармен араласу барысында іске асады. Мұны біз қазіргі күні жалпы қазақстандық сипат алған той мәдениетінен, сонымен бірге қоғамдық іс-шаралар кезінде көреміз. Қазақ тілінің азаматтық, ұлттық бірегейлік құралына айналуы саяси-экономикалық өмірде емес, мәдени кеңістікте белсенді жүріп жатыр.

Тұлғалар. Мемлекетке ортақ ұлттық бірегейлік символдарының маңыздыларының бірі тұлғалар. Көп заман бұл мәселемен қазақ ауызша дәстүрі өте нәтижелі айналысты. Оның мысалдарын қазақ тарихи аңыздары мен жырларынан көптеп табуға болады. Мысалы XVIII ғасырдың символына айналған Абылай хан және оның батырларының бейнесі. XIX ғасырды біз Кенесары хан тұлғасы арқылы сезінеміз. Осы сияқты мысалдарды әр ғасырдан тауып алуға болады. Қазақ ауызша дәстүрі ғасыр деген сөзді көп қолданбайды, біздің тарихымыз персонификацияланған тарих, яғни тұлғаларға байланған тарих. Қаһарман тұлғалар отан сүюдің, азаматтық қасиеттің, өнердің жақсы үлгілерінің жаршысы.

Өкінішке орай Кеңес кезеңінде «тарихты халық жасайды» деген желеумен бізге тұлғалар туралы айтуға, жазуға болмады. Біз оларды тұқыртып, жаман жағын іздеуге мәжбүр болдық.

Бүгінгі күні тұлғаларды сомдаған, жақсы өнегелі қырларын көрсетуге ұмтылған, олардың бейнелерін кеңінен танытуға ұмтылған халық шығармашылығы пайда болып келеді. Бұл Әзіреті Сұлтан, Ахмет Яссауи, бұл түрік абызы Күлтегін, бұл күні кешегі Алаш Орда тұлғалары. Қазақ тарихының ежелгі кезеңдерінен бастап қазіргі күнге дейін ұлт үшін күрескен әрбір тұлғалар, сол кездегі орын алған тарихи оқиғалар ұлттық символға айналу керек. Ұлттық бірегейліктің қайнар көздерінің бірі ұлыларды ұлықтау. Тұлғаларды ұлықтау және мақтаныш арқылы қазақстандық қоғамда «өзіміз» және «басқалар» деген мәдени топтасу сезімі қалыптасады.

Сонымен қатар ұлттың бірегейлік қазақ тарихындағы зұлмат кезеңдерді еске түсіру, аруақтарға дұға оқу, ескерткіштер орнату арқылы да күшейеді. Қазақ халқының басынан өткен ауыр оқиғалар, әсіресе 1930-шы жылдардағы ашаршылықты, репрессияларды жауып тастауға болмайды. Бүгінгі күні ҚР халқының бір бөлігі өзін «қазақ» деп, басқа бөлігі өзін «қазақстандық» деп, ал бір бөлігі өзін «советтік» деп сәйкестендіріп отыру өте қауіпті тенденция. Бұл мәселе ұлттық бірегейлікті қалыптастыру тетіктерінің нашар жұмысын көрсетеді, осы жағдайда ортақ тарих жүйесі болашаққа бастайтын жалғыз күре жол.

Этнографиялық құндылықтар. Қазақ этнографиялық құндылықтары өз тамырын мыңдаған жылдар бұрын қалыптасқан өмір сүру жүйесінен алады. Бұл алдымен көшпелі мал шаруашылығын жүргізуге ыңғайланған дәстүрлер. Оның негізгі элементтері киіз үй, дала жағдайына ыңғайлы киім, суық пен ыстықтың контрастында адамға күш беретін ас-тағам т.б. Екіншіден, даланың экстремалды жағдайында ынтымақты ұжым ретінде өмір сүруге мүмкіндік беретін туыстық жүйеге негізделген рулық құрылым, оның ішіндегі үлкен патриархалды отбасылар, ру мен отбасының қарым-қатынасын реттейтін әдет-ғұрыптар. Осы экономикалық және әлеуметтік негіздер тиісінше біз «этнографиялық құндылықтар» деп атап отырған мәдени құбылысты қалыптастырды.

Жоғарыда сипатталған шаруашылыққа және әлеуметтік өмірге байланысты қалыптасқан этнографиялық құндылықтардың көпшілігі қазір толыққанды өмір сүруін тоқтатты немесе музейлердің экспозициясына айналды. Дегенмен қазақ этнографиялық бұйымдарының офистерде, мектеп және ЖОО кабинеттерінде, кафе, ресторандарда тұруы белгілі дәрежеде олар өз функцияларын жалғастырып жатқанын көрсетеді. Қазіргі уақытта да өзінің қызметін жалғастырып жатқан институттардың ішінде біз қазақ тойларын ерекше атап өтеміз. Себебі қазақ той мәдениеті қазіргі күні этникалық шығу тегіне қарамастан жалпы қазақтандықтарға да, сонымен бірге шет елдердегі қазақ диаспорасына да қызмет жасайды, яғни ұлттық бірегейліктің басты тетіктерінің бірі.

Бүгінгі күні жалпы қазақстандық сипат алған және ұлттық бірегейлікке қазмет жасап жатқан этнографиялық құндылықтардың бірі — тұсау кесер тойы. Бұл той бір жағынан қазақ ортасында тым ерте пайда болған, бала аяғын тапыл-тапыл басып жүре бастағанда жүргізілетін салт-дәстүр, екінші жағынан дастарханы, рәсімі, сыйлықтары т.б. қазіргі заманға тән. Тұсау кесер ҚР этникалық топтарының бәріне ортақ дәстүрге айналды. Қандай жағдайда болмасын тұсау кесер тойы әдетте осы тойға арналған қазақ ән-күйлерімен әдіптелді. Бұл болашақта тіл т.б. мәселелер тұсау кесер сияқты шағын отбасылық тойлар арқылы шешілетінін көрсетеді.

Қазақ тойының елге танымал, күнделікті өмірде кең тараған түрі — үйлену тойы екені белгілі. Бұл той рәсімдері әдетте құда түсуден, одан қыз ұзату тойынан, содан кейін жігіт жағында өткізілетін беташар тойынан тұрады. Қазақ халқының дәстүрлі үйлену тойының рәсімдері өте көп, әлеуметтік және символдық мәні зор болады. Бүгінгі күні ол дәстүрлерді түгел сақтау немесе жаңғырту мүмкін емес, дегенмен үйлену тойының кейбір кілт элементтері сақталған. Мысалы, қалыңдыққа арнап сәукеле дайындау. Ертеде қалыңдық жігіт жағына аттанарда жеңгелері оның басындағы тақиясын шешіп сәукелені кигізеді, ол кезде рәсім бойынша қыз қарсыласады т.б.

Сәукеле ҚР үйлену тойларының басты символдарына айналып келе жатқаны, оны өзге этнос шеберлері де дайындап, өзге этнос қалыңдықтары киіп жүргені ұлттық бірегейлікті қалыптастыру контекстінде аса маңызды. Бұл қалыңдықтың бешпент (камзол, кәжекей), көйлек сияқты өзге киімдеріне де қатысты. Соңғы кезде шет ел қазақтары да сәукелеге арнайы тапсырыс беретін болды (Түркия).

Үйлену тойына қатысты тағы бір кең тараған байырғы дәстүр — беташар. Әдетте беташар жаңа түскен келінге қайын жұртын таныстыруды мақсат тұтады, яғни қызметі маңызды. Бүгінгі күні беташарды ҚР-да өзге этнос өкілдері де қабылдап, той рәсімдеріне енгізе бастады. Сонымен бірге той

дастарханы — табақ тарту, жылқы еті, қазақ дәмділері ҚР-да той мәдениетінде жоғары деңгейде бірегейлену жүріп жатқанын көрсетеді.

Қазақтың өмірлік циклдағы әдет-ғұрыптарының ішінде адамды о дүниеге шығарып салу өзінің консервативті негізімен белгілі. Бұл жалпы әлем халықтарына ортақ ерекшелік, материалдық мәдениет өзгереді, әдет-ғұрыптардың біразы трансформацияға ұшырайды, ал адамды жерлеу дәстүрлері бәз қалпынша қалады.

ҚР-да адам қайтыс болғанда жақын-жуық, көрші-қолаңның келіп көңіл айтуы моралдық тұрғыдан міндетті болып саналады. Бұған қазақтар да, өзге этнос өкілдері де бағынады. Сонымен бірге көп жағдайда жерлеу іс-шараларының ішінде өзара көмек керек болғанда ешкім де тартынбауға міндетті. Бүгінгі күні жаңа қалыптасып келе жатқан ортақ дәстүрлердің бірі өзге этнос өкілдерінің дұғаға қол жаюы.

Қорытынды

Қазақстандағы ұлттық бірегейлік феномені және оның қалыптасуындағы ерекшеліктерді сараптай келе біз мынадай қорытындыға келдік:

Біріншіден, ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда халық шығармашылығы жақсы нәтижелерге жетіп келеді және рухани жаңғырудың негізін салуда;

Екіншіден, халық шығармашылығы тарихи санадағы ақпаратты елге кеңінен тарату бағытында көп жұмыстар тындырды. Бұл бұрын айту мүмкін болмаған тарихи тұлғалар мен тарихи оқиғалар, XX ғасырда қазақ халқының, өзге де халықтардың көрген азабы туралы білімнің кең тарауы;

Үшіншіден, халық шығармашылығында этномәдени символдар кеңінен орын алуда, бұл тек қана музейлер мен галлерейларда ғана емес, көпшілік орындарда көрініс табуда;

Төртіншіден, мемлекеттің тіл саясаты көбіне қоғам белсенділерінің күшімен іске асып жатқанын және осы арқылы ұлттық бірегейліктің коммуникациялық негізі жасалып жатқанын айту керек;

Бесіншіден, халық шығармашылығы біз этнографиялық білімдерді тарату алаңы деп есептеп отырған той мәдениетінде өте белсенді. Қазақ той мәдениетінің негізінде құралып жатқан қазіргі той мәдениеті ұлттық бірегейлікке тұрмыстық деңгейде өте үлкен қолдау жасайтыны анық.

Осы көрсетілген бес нәтиже өзара қосыла келе халқымыздың рухани мәдениетін қайта жаңғыртуға, жаңа форматта қалыптастыруға мүмкіндік береді. Халық шығармашылығы кеңістігінде жүріп жатқан үрдістерді ұлттық бірегейлігін қалыптастыруға бағытталған қозғалыс ретінде қабылдаймыз. ҚР ұлттық бірегейлік қоғамдағы әр түрлі этнос өкілдерінің белсенді қатысуы арқылы қалыптасып келеді. Бұл жерде біз ұлт руханияты республика халқының бәріне ортақ идеологиялық майдан екенін байқаймыз. Әрине, бұл процестердің негізгі ұйытқысы қазақ халқына тән толеранттылық, кеңдік, патриоттық қасиеттері. Бұл қазақ халқына тарихи тән қасиеттер екенін, сол арқылы өзге этнос өкілдері де бұл қазақшылықты қабылдайтынын XX ғасыр басында жазылған «Тауарих хамса шарқи» атты кітаптың авторы, өзі шалақазақ, «еліміз – Найман, жеріміз – Аягөз» дейтін Құрбанғали Халид қазақ халқының өзге ұлттарды өзіне тез баурап, сіңіріп алатын ерекше қасиеті бар және қазақ ортасына түскен кез келген адам елу жылға жетпей-ақ толықтай қазақ болып кететіндігі, небәрі бір-екі ұрпақ алмасқанда, олардың тілі, сөйлеу мәнері мен әдет-ғұрпы жергілікті халықтан еш айырмасы болмай қалатындығын атап кеткен. Басқа халықтарда мұндай процесс жүздеген жылдарға созылса да, адамның тегін мұншалықты тез әрі түбегейлі өзгерте алмайды. Бұл сол кезеңдегі қазақ мәдениетінің ассимиляциялық қуатын және оның өміршеңдігін көрсетеді.

Болашақта мемлекетте өмір сүретін азаматтардың көпшілігі Қ. Халид «қазақшылық» атаған қасиеттерді қабылдайды және сол арқылы ұлттық бірегейліктің қалыптасуына өз еңбегін сіңіреді. Қоғамдық келісім ұйымдары және биліктің Ішкі саясат басқармалары тарапынан жақсы нәтижелер бере бастаған бірегейлену процесіне қолдау көрсетілгені абзал болар еді. Бұл әсіресе қазақ боламын деген өзге этнос өкілдерін қолдау бағытында «Баталасу» институтын кеңінен насихаттау және іске асыру. Біз өз тарапымыздан ҚР-дағы ұлттық бірегейліктің қалыптасу барысын анықтайтындай зерттеу бағдарламасы мен сұрақнамасын жасадық және баталасу сценарийін ұсындық.

ҚР қазіргі жаһандану дәуірінде өзінің мемлекеттік тәуелсіздігіне, территориялық тұтастығына, экономикалық тұрақтылығына үлкен көңіл бөледі. Қазақстан билігі үшін бүгінгі аласапыран заманда сыртқы елдермен достық қарым-қатынасты ұстау аса маңызды. Сонымен бірге қоғамды тұрақты ұстап, жарқын болашаққа ірге тас жасау үшін ұлттық бірегейлікті дамыту басты шарт. Мемлекеттің басты заңы — Конституция негізінде этникалық топтар арасында жік түсірмей, оларды ұлт ретінде топтастыру тек ұлттық бірегейлікті қалыптастыру саясаты арқылы іске асады. Өз кезегінде ұлттық

бірегейлікті дамыту тетіктері рухани мәдениетпен тығыз байланысты. Осы себептен біз ұлттық бірегейліктің бірнеше реперлі нүктелерін талдауға және олардың мүмкіндігін көрсетуге күш салдық. Бұл нұсқалған құндылықтар қоғамдағы толеранттылықпен, төзімділік, Отанға деген махаббатпен қатар Қазақстан елінің жарқын болашағының кепілі.

Алғыс білдіру

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің BR28713029 «Қазіргі ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы халық шығармашылығының әлеуметтік рөлін зерттеу: рухани мәдениетті өзгерту және қайта құру» атты ғылыми бағдарламасы аясында әзірленді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Evans-Pritchard E.E. The Nuer: a description of the modes of livelihood and political institutions of a Nilotic people / E.E. Evans-Pritchard. — Oxford: Clarendon Press, 1940. — 271 p.
- 2 Сталин И. Марксизм и национальный вопрос / И. Сталин. — М., Госполиздат, 1950 — 50 с.
- 3 Gellner E. Nations and Nationalism / E. Gellner. — Oxford: Blackwell Publishers, 1983. — 150 p.
- 4 Anderson B. Imagined Communities: Reflections on the Origin and Spread of Nationalism / B. Anderson. — London: Verso, 1983. — 160 p.
- 5 Smith A.D. National Identity / A.D. Smith. — London: Penguin Books, 1991. — 226 p.
- 6 Hobsbawm E. Nations and Nationalism since 1780. Program, Myth, Reality / E. Hobsbawm. — Cambridge, 1990. — 214 p.
- 7 Cohen A.P. The Symbolic Construction of Community / A.P. Cohen. — London and New York: Routledge, 1985. — 128 p.
- 8 Хантингтон С. Кто мы?: Вызовы американской национальной идентичности / С. Хантингтон: пер. с англ. А. Башкирова. — М.: АСТ: Люкс, 2004. — 635 с.
- 9 Брубейкер Р. Этничность без групп / Р. Брубейкер: пер. с англ. И. Борисовой. — М.: Изд. дом Высшей школы экономики, 2012. — 408 с.
- 10 Billig M. Banal Nationalism / M. Billig. — Updated ed. — London: SAGE Publications Ltd, 2023. — 216 p.
- 11 Mock S. Symbols of Defeat in the Construction of National Identity / S. Mock. — Cambridge: Cambridge University Press, 2017. — 262 p.
- 12 Шайкемелев М.С. Казахская идентичность в контексте модернизации общества: монография / М.С. Шайкемелев. — Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2020. — 230 с.
- 13 Козырева Т.В. Национальное единство Казахстана: история, современность и новые тенденции: коллективная монография / Т.В. Козырева и др. — Астана: Изд-во ИПЭИ, 2026. — 352 с.
- 14 Кадыржанов Р.К. Этнокультурный символизм и национальная идентичность Казахстана / Р.К. Кадыржанов: отв. ред. З.К. Шаукенова. — Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2014. — 168 с.
- 15 Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий: [в 4 т-х.] / В.В. Радлов. — Санкт-Петербург: Типография Императорской академии наук, 1893. — Том 1. — 968 с.
- 16 Корш Ф.Е. Древнейший народный стих турецких племен / Ф.Е. Корш // Записки Восточного отделения Императорского Русского археологического общества. — Санкт-Петербург: Типография Императорской академии наук, 1909. — Т. 19, вып. 1 (1908). — С. 139–167.
- 17 Шипова Е.Н. Словарь тюркизмов в русском языке / Е.Н. Шипова. — Алма-Ата: Наука, 1976. — 444 с.

Ж.О. Артықбаев, Т.С. Каленова, Ж.З. Тулеубаев

Проблемы укрепления национальной идентичности в Казахстане на основе историко-этнографических ценностей

В статье рассматривается актуальность национальной идентичности в эпоху глобализации и ее значение для Казахстана. Авторы анализируют различия между понятиями «нация» и «этнос», а также исторические пути развития национальной идентичности казахского народа. Поднимается вопрос о сложности многоэтнического состава Казахстана и процесса формирования нации. Кроме того, представлен обзор теорий, изучающих национальную идентичность. Статья демонстрирует, что национальная идентичность является динамичным процессом, формирующимся через общие убеждения, символы и правила жизни людей. В статье анализируются различия между этносом и нацией: этнос — это сообщество, основанное на исторических, культурных и биологических факторах, а нация — это структура, основанная на политической централизации и гражданской идентичности. Делается вывод,

что казахская нация, сформировавшись как этнос, стала государствообразующей, и поскольку Казахстан является многоэтнической страной, процесс формирования нации сложен и опирается на историко-социальные предпосылки, при этом нация должна основываться на гражданской идентичности, а не на этническом происхождении. Также в статье применяются этнографический, конструктивистский и этносимволический методы исследования национальной идентичности. Данное исследование раскрывает роль государственной политики в укреплении национальной идентичности, в том числе важность языковой политики, поддержки культуры и системы образования. Авторы отмечают, что национальная идентичность тесно связана не только с историческими и культурными факторами, но и с социально-экономическими условиями. Особое внимание уделяется важности сохранения баланса между глобальной культурой, возникающей под влиянием глобализации, и местными традициями. В статье также рассматривается роль средств массовой информации, социальных сетей и молодежи в формировании национальной идентичности. Подчеркивается необходимость активного участия гражданского общества и взаимного уважения и понимания между различными этносами для устойчивого развития национальной идентичности. Статья предлагает важные выводы и рекомендации, направленные на будущее развитие Казахстана путем комплексного научного анализа вопросов национальной идентичности и формирования нации.

Ключевые слова: национальная идентичность, глобализация, нация, этнос, духовное возрождение, государственная политика, культура, язык, гражданское общество.

Zh.O. Artykbayev, T.S. Kalenova, Zh.Z. Tuleubayev

Problems of Strengthening National Identity in Kazakhstan Based on Historical and Ethnographic Values

The article examines the relevance of national identity in the era of globalization and its significance for Kazakhstan. The authors analyze the differences between the concepts of «nation» and «ethnos» as well as the historical paths of development of the national identity of the Kazakh people. The issue of the complexity of Kazakhstan's multi-ethnic composition and the process of nation-building is raised. Furthermore, an overview of theories studying national identity is presented. The article demonstrates that national identity is a dynamic process, formed through shared beliefs, symbols, and ways of life of people. The article analyzes the differences between ethnos and nation: an ethnos is a community based on historical, cultural, and biological factors, while a nation is a structure based on political centralization and civic identity. It is concluded that the Kazakh nation, having formed as an ethnos, became state-forming, and since Kazakhstan is a multi-ethnic country, the process of nation-building is complex and relies on historical and social prerequisites. At the same time, the nation should be based on civic identity, not ethnic origin. The article also employs ethnographic, constructivist, and ethnosymbolic research methods for national identity. This study reveals the role of state policy in strengthening national identity, including the importance of language policy, cultural support, and the education system. The authors note that national identity is closely linked not only to historical and cultural factors but also to socio-economic conditions. Special attention is paid to the importance of maintaining a balance between global culture, arising under the influence of globalization, and local traditions. The article also examines the role of mass media, social networks, and youth in shaping national identity. The necessity of active participation of civil society and mutual respect and understanding between different ethnic groups for the sustainable development of national identity is emphasized. The article offers important conclusions and recommendations aimed at the future development of Kazakhstan through a comprehensive scientific analysis of issues of national identity and nation-building.

Keywords: national identity, globalization, nation, ethnicity, spiritual revival, state policy, culture, language, civil society.

References

- 1 Evans-Pritchard, E.E. (1940). *The Nuer: a description of the modes of livelihood and political institutions of a Nilotic people*. Oxford: Clarendon Press.
- 2 Stalin, I. (1950). *Marksizm i natsionalnyi vopros* [Marxism and the National Question]. Moscow: Gospolizdat [in Russian].
- 3 Gellner, E. (1983). *Nations and Nationalism*. Oxford: Blackwell Publishers.
- 4 Anderson, B. (1983). *Imagined Communities: Reflections on the Origin and Spread of Nationalism*. London: Verso.
- 5 Smith, A.D. (1991). *National Identity*. London: Penguin Books.
- 6 Hobsbawm, E. (1990). *Nations and Nationalism since 1780. Program, Myth, Reality*. Cambridge: Cambridge University Press.
- 7 Cohen, A.P. (1985). *The Symbolic Construction of Community*. London and New York: Routledge.

- 8 Khantington, S. (2004). *Kto my?: Vyzovy amerikanskoi natsionalnoi identichnosti* [Who Are We? The Challenges to America's National Identity]. Moscow: AST: Liuks [in Russian].
- 9 Brubeiker, R. (2012). *Etnichnost bez grupp* [Ethnicity without Groups]. Moscow: Izdatelskii dom Vysshei shkoly ekonomiki [in Russian].
- 10 Billig, M. (2023). *Banal Nationalism*. London: SAGE Publications Ltd.
- 11 Mock, S. (2017). *Symbols of Defeat in the Construction of National Identity*. Cambridge: Cambridge University Press.
- 12 Shaikemelev, M.S. (2020). *Kazakhskaiia identichnost v kontekste modernizatsii obshchestva: monografiia* [Kazakh Identity in the Context of Society Modernization: Monograph]. Almaty: IFPR KN MON RK [in Russian].
- 13 Kozyreva, T.V. (2026). *Natsionalnoe edinstvo Kazakhstana: istoriia, sovremennost i novye tendentsii: kollektivnaia monografiia* [National Unity of Kazakhstan: History, Modernity and New Trends: Collective Monograph]. Astana: Izdatelstvo IPEI [in Russian].
- 14 Kadyrzhanov, R.K. (2014). *Etnokulturnyi simbolizm i natsionalnaia identichnost Kazakhstana* [Ethnocultural Symbolism and National Identity of Kazakhstan]. Z.K. Shaukenova (Ed.). Almaty: IFPR KN MON RK [in Russian].
- 15 Radlov, V.V. (1893). *Opyt slovaria tiurkskikh narechii* [Experience of a Dictionary of Turkic Dialects]. Vols. 1-4. Vol. 1. Sankt Petersburg: Tipografiia Imperatorskoi akademii nauk [in Russian].
- 16 Korsh, F.E. (1909). *Drevneishii narodnyi stikh turetskikh plemen* [The Ancient Folk Verse of the Turkish Tribes]. *Zapiski Vostochnogo otdeleniia Imperatorskogo Russkogo arkheologicheskogo obshchestva — Notes of the Oriental Branch of the Imperial Russian Archaeological Society*, 19 (1), 139–167 [in Russian].
- 17 Shipova, E.N. (1976). *Slovar tiurkizmov v russkom yazyke* [Dictionary of Turkisms in the Russian Language]. Alma-Ata: Nauka [in Russian].

Авторлар туралы мәліметтер

Жамбыл О. Артықбаев — т.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0003-3621-4820>

Тенгеш С. Каленова — т.ғ.к., саясаттану кафедрасының доценті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-4767-5537>

Жәнібек З. Төлеубаев — тарих магистрі, «Ортағасырлық деректану» Орталығының ғылыми қызметкері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, <https://orcid.org/0009-0006-1865-7125>

Information about the authors

Zhambyl O. Artykbayev — Doctor of Historical Sciences, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0003-3621-4820>

Tengesh S. Kalenova — Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Department of Political science, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-4767-5537>

Janibek Z. Tuleubayev — Master of History, Research Fellow of the Center “Medieval Source Studies”, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0006-1865-7125>